

"Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 73 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 25 ақпанда № 13234 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз!

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 12 (28490) санында жарияланған) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

3-тармақтың 16) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«16) тіркеу-емтихан пункті (бұдан әрі – ТЕП) – көлік құралдарын тіркеу және есепке алу бойынша рәсімдерді жүзеге асыратын, оның ішінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) ғимараттары мен үй-жайларында орналастырылған ІІО бөлінісі.»;

11-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Көлік құралын байқау нәтижелері осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік құралын тіркеу (есептен шығару) актісінде көрсетіледі және тегін, күнін көрсете отырып, байқауды жүргізген лауазымды адамның қолымен расталады, Мемлекеттік корпорацияда байқау нәтижелері ақпараттық жүйеде қалыптастырылады және көлік құралын байқауды жүзеге асыруға уәкілетті қызметкердің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталады.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. ТЕП лауазымды адамдары және Мемлекеттік корпорация жұмыскерлері тіркеу іс-қимылдарын жасау кезінде жеке басты куәландыратын құжаттың негізінде көлік құралдары иелерінің жеке басын сәйкестендіреді.»;

16-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
« 4) м ы н а л а р д ы :

«Салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (бұдан әрі – Салық кодексі) белгіленген баждар мен а л ы м д а р д ы ң т ө л е н г е н і н ;

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде белгіленген, көлік құралдарын бастапқы тіркеу кезінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерді орындағанын растайтын құжаттарды;»;

16-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Көлік құралының иесі Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде осы тармақтың 1) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттар ұсынылмайды.»;

25, 26-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Көлік құралдары иелерінің қолда бар жоғары сұранысқа ие МТНБ тізбесіне (бұдан әрі - тізбе) қолжетімділігі тиісті ақпаратты ТЕП пен Мемлекеттік корпорация үй-жайларында стендтерде және ақпараттық тақталарда орналастыру жолымен ұ й ы м д а с т ы р ы л а д ы .

26. Көлік құралының иесі жүгінген кезде ТЕП-тің лауазымды адамы мен Мемлекеттік корпорация жұмыскері көлік құралының иесі көрсеткен жоғары сұранысқа ие МТНБ-ны тізбеден алуды жүргізеді және ақпаратты БАЖ-ға енгізеді.»;

57-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«57. Көлік құралын есептен шығару үшін олардың иелері (иелерінің өкілдері) ТЕП-ке осы Қағидалардың 16-тармағының 1), 2), 6), 7), 10) - 13) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады, сондай-ақ ТЕП-ке МТНБ-ны тапсырады. КҚТК-де көлік құралын есептен шығарудың мән-жайларына сәйкес жазбалар жасалады, олар жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның мөрімен р а с т а л а д ы .

Көлік құралының иесі Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде осы Қағидалардың 16-тармағының 2), 7), 9) - 13) тармақшаларында көрсетілген құжаттар ұсынылады.

Жеке тұлғалардың көлік құралдарын есептен шығару салық төлеушілер үшін Салық кодексінде белгіленген тәртіппен көлік құралына салық төленгенін растайтын құжатты немесе салық төлеуден босату құқығын растайтын құжатты ұсынғаннан кейін жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Иелері байқау сәтінде көлік құралының нақты орналасқан жері бойынша жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамы берген, мөрмен расталған байқау актісін ұсынған жағдайда, тіркелген орны

бойынша көлік құралын байқауға әкелмей, есептен шығаруға жол беріледі.

Есептен шығару көлік құралының бұрынғы тіркелген жері бойынша есептен шығаруға қандай да бір шектеулердің жоқ екені туралы сұрау салулар орындалғаннан, көлік құралының есепке алу деректері мен оның иесі туралы мәліметтер нақтыланғаннан кейін ғана жүргізіледі.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның лауазымды адамы көлік құралын есептен шығару туралы шешім қабылдағаннан кейін бұл туралы ақпарат көлік құралының бұрын тіркелген жері бойынша ТЕП-ке дереу жіберіледі. » ;

59-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«59. Кәдеге жаратуға жататын көлік құралы осы Қағидалардың 16-тармағының 1), 2), 7) және 11) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынған кезде, байқаудан өткізілмей, есептен шығарылады. КҚТК мен МТНБ ТЕП-ке тапсырылады. Кәдеге жаратылатын көлік құралының КҚТК, МТНБ болмаған кезде көлік құралының иесі жазбаша нысанда оларды жоғалту мән-жайларын көрсетеді. Бұл ретте ПО-ның ақпараттық ресурстары бойынша тексеру жүзеге асырылады.

Көлік құралының иесі Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде осы Қағидалардың 16-тармағының 2), 7), 11) тармақшаларында көрсетілген құжаттар ұсынылады.»;

64-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«64. Заңды тұлғалардың көлік құралдарын жеке тұлғаларға сату кезінде есептен шығару осы Қағидалардың 16-тармағының 1), 6), 7), 9), 11), 12) және 13) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың, заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік (коммуналдық) меншік құқығы субъектісінің (мемлекеттік меншіктегі заңды тұлғалар үшін) функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік (коммуналдық) органдар рұқсатының негізінде жүргізіледі. Бұл ретте тіркеу құжатына жазба енгізіледі: «Автомобиль азамат Т.А.Ә. (болған жағдайда) сатуға байланысты есептен шығарылды, тұрғылықты тұратын мекенжайы, жеке басты куәландыратын құжатының сериясы, н ө м і р і . » .

Көлік құралының иесі Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде осы Қағидалардың 16-тармағының 1), 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттар ұсынылмайды.»;

Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша редакцияда жазылсын ;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Емтихандар қабылдауды, азаматтарға «А», «В», «С», «D», «BE», «CE», «DE», «Тm», «Тb» санаттарындағы, «A1, B1, C1, D1, C1E және D1E» кіші санаттарындағы жүргізуші куәліктерін беруді ішкі істер органдарының, оның ішінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік

қоғамының (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) ғимараттары мен үй-жайларында орналастырылған тіркеу-емтихан бөліністері (бұдан әрі – ТЕБ) жүзеге асырады.»;

34-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Мемлекеттік корпорацияның автоматтандырылған ақпараттық жүйелерімен біріктіруді қамтамасыз етеді.»;

77-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

77-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген құжат ұсынылмайды.»;

80, 81-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«80. Жүргізуші куәлігін ауыстыруға байланысты оны алу үшін адам:

1) ТЕБ-ке жүгінген кезде – осы Қағидалардың 77-тармағының 1), 2), 4), 6), 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды және бұрын берілген жүргізуші куәлігін, ал тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) өзгерткен кезде сауалнамалық деректері өзгергенін растайтын құжатты;

2) Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде – осы Қағидалардың 77-тармағының 2), 4), 6), 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды және бұрын берілген жүргізуші куәлігін, ал тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) өзгерткен кезде сауалнамалық деректері өзгергенін растайтын құжатты;

3) «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүгінген кезде – осы Қағидалардың 77-тармағының 2), 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды, ал тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) өзгерткен кезде сауалнамалық деректері өзгергенін растайтын құжатты ұсынады.

Жүргізуші куәлігінің қолданылу мерзімі өткен кезде көлік құралдарын басқару құқығы теориялық және практикалық емтихандар тапсырғаннан кейін қалпына келтіріледі. Бұл ретте, практикалық емтихан жоғары санаттағы көлік құралында қабылданады.

81. Қосымша санаттар, кіші санаттар алуға байланысты жүргізуші куәлігін алу үшін тұлға осы Қағидалардың 77-тармағының 1), 2), 4) - 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ бұрын берілген жүргізуші куәлігін ұсынады.»;

82-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

85-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«85. «Жол жүрісі туралы» (1968 жылғы 8 қарашадағы) Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі - БҰҰ) Конвенциясының талаптарына жауап беретін, болатын елдің жүргізуші куәлігін шет елде алған, осы Қағидалардың 84-тармағында көрсетілген адамдар оларды жүргізуші куәлігі түпнұсқасының, оның мемлекеттік немесе орыс тілдеріне нотариаттық расталған аудармасының, осы Қағидалардың 77-тармағының 1), 2), 4), 6), 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың негізінде, ТЕБ-ке теориялық және практикалық емтихандар тапсырмай, Қазақстан Республикасының жүргізуші

куәлігіне

ауыстырады.» ;

89-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«89. Жүргізуші куәлігін оның жоғалуына байланысты алу үшін тұлға осы Қағидалардың 77-тармағының 1), 2), 4), 6), 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады.» ;

97-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«97. Басқару құқығынан айырғаннан кейін сақтау мерзімі өтуіне байланысты жойылған жүргізуші куәлігін қалпына келтіру оларды жою туралы ТЕБ ақпаратының, сондай-ақ осы Қағидалардың 77-тармағының 1), 2), 4), 6) тармақшаларына сәйкес құжаттарды ұсыну және теориялық және практикалық емтихандар тапсыру негізінде жүргізіледі. Бұл ретте, практикалық емтихан жоғары санаттағы көлік құралында қабылданады.» ;

Қағидаларға 7-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді ;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жолдауды ;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды ;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды ;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін .

3. Облыстардың, Алматы және Астана қалалары ішкі істер департаменттерінің бастықтары :

1) ішкі істер органдары жеке құрамының осы бұйрықты зерделеуін және

талаптарын сақтауын қамтамасыз етсін;

2) ішкі істер органдарының жұмысын осы бұйрықтың талаптарына сәйкес ұйымдастырсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер министрінің орынбасары Е.З. Тургумбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне (И.В. Лепеха) жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
Қ. Қасымов

полиция генерал-полковнигі

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы
Ж. Қасымбек

2016 жылғы 27 қаңтар

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
Е. Досаев

2016 жылғы 1 ақпан

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2016 жылғы 26 қаңтардағы
№ 73 бұйрығына

1-қосымша

Көлік құралының сәйкестендіру
нөмірі бойынша көлік құралдарының
жекелеген түрлерін мемлекеттік
тіркеу және есепке
алу қағидаларына

1-қосымша

Нысан

Көлік құралын тіркеу (есептен шығару) актісі

ТЕП-ке/ Мемлекеттік корпорацияға _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) /заңды тұлғаның атауы) үшін мынадай құжаттарды ұсынды _____

ұсынылған құжаттар

(БСН) ЖСК _____ Туған күні (жеке тұлғалар үшін) _____

(күні, айы, жылы)

Жеке басты куәландыратын құжат (әділет органдарында тіркелген күні)

_____ (атауы, сериясы, нөмірі, қашан және кім берді)

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Көлік құралы туралы мәліметтер

VIN _____

Мем. нөмірі _____ Шасси нөмірі _____

Маркасы, моделі _____ Шанақ нөмірі _____

Дайындаушы кәсіпорын _____ Түсі _____

КҚ түрі _____ Қозғалтқыш қуаты (кВт/ж.к. $V \text{ см}^3$) _____

КҚ санаты _____ Рұқсат етілген ең жоғары салмағы, kg _____

Шығарылған жылы _____ Жүктемесіз салмағы, kg _____

КҚ тіркеу куәлігі _____

(сериясы, нөмірі, берілген күні)

И е с і н і ң ө к і л і

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Туған күні _____ Жеке басты куәландыратын құжат _____

(күні, айы, жылы) _____ (атауы, сериясы,

_____ нөмірі, қашан, кім берген)

_____ тұрады. Телефоны _____

Сенімхат _____

(қашан, кім берген, тізілім нөмірі)

20__ жылғы «__» _____ Иесінің қолы _____

_____ МТНБ _____ КҚТК берілді.

ПО лауазымды адамының қызметтік белгілері

ПО лауазымды адамының қорытындысы

Байқау нәтижелері бойынша көлік құралы туралы мәліметтер:

МТНБ _____ Дайындаушы кәсіпорын _____

КҚ санаты _____

Сәйкестендіру нөмірі (VIN) _____

Шығарылған жылы _____ Маркасы, моделі _____

Шасси (рама) нөмірі _____

Шанак нөмірі _____

Түсі _____ Байқау нәтижесі _____

(а қ а у с ы з , а қ а у ы б а р)

ПО лауазымды адамы _____

(қ о л ы н е м е с е к о д ы) (т е г і)

Айдап әкетілген және ұрланған автокөлік базасы бойынша тексеру жүргізілді _____

(н ә т и ж е с і , к ү н і , у а қ ы т ы)

_____ (тексеру жүргізген жауапты қызметкердің қолы, тегі)

И е с і н е н қ а б ы л д а н д ы

_____ сериясы № _____

(т і р к е у қ ұ ж а т ы н ы ң а т а у ы)

Тіркеу белгілері _____ саны _____

ҚК паспортының сериясы № _____

_____ сериясы № _____

(м е н ш і к қ ұ қ ы ғ ы н р а с т а й т ы н қ ұ ж а т)

«Транзит» белгісі _____ саны _____

Кепілді тіркеу туралы куәлік _____

Төлем туралы түбіртектер (есеп шот-фактура) № _____

Өзге құжаттар: _____

_____ қабылданды.

(тіркеу әрекеттерін жүргізу немесе жүргізуден бас тарту туралы жауапты қызметкердің қорытындысы)

20__ жылғы «__» _____ (қолы)

И е с і н е б е р і л д і

Сериясы № _____

(т і р к е у қ ұ ж а т ы н ы ң а т а у ы)

Тіркеу белгілері _____ «Транзит» белгісі _____

ҚК паспорты сериясы № _____

Өзге де құжаттар _____

_____ 20__ жылғы «__» _____ берілді.

ПО лауазымды адамы/Мемлекеттік корпорация

қызметкері _____ (қолы, тегі)

Осымен ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын жеке мәліметтерді пайдалануға, Мемлекеттік корпорация қызметкерінің менің атымнан осы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуына электрондық құжат нысанындағы сұрау салуға қол қоюына, сондай-ақ Мемлекеттік корпорация қызметкерінің менің фотосуретімді дайындауына және осы мемлекеттік қызмет көрсету шеңберінде оны одан әрі пайдалануына өз келісімімді беремін. Көрсетілетін қызметті алушы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (қолы))

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і і с т е р м и н и с т р і н і ң

2 0 1 6 ж ы л ғы 2 6 қ а ң т а р д а ғы

№ 7 3 б ұ й р ы ғы н а

2-қосымша

Е м т и х а н д а р қ а б ы л д а у ж әне

ж ү р г і з у ш і к у ә л і к т е р і н

б е р у қ а ғ и д а л а р ы н а

7-қосымша

Жүргізуші куәлігін беру бланкісі

ТЕБ-ке/ Мемлекеттік корпорацияға _____

(о б л ы с , қ а л а , а у д а н)

туған жылы _____ ЖСН _____

туған жері _____

(о б л ы с , қ а л а)

тұратын,

жұмыс істейтін

жеке басты куәландыратын құжаттың сериясы _____, № _____

берілген

(қ а ш а н , к і м)

Т . А . Ә

(о л

б о л ғ а н

ж а ғ д а й д а)

жүргізуші куәлігі ауыстырылсын, телнұсқасы берілсін _____

(керек емесі сызылып тасталсын)

жүргізуші куәлігінің сериясы _____, № _____

(о б л ы с , ө л к е , р е с п у б л и к а)

алған

(кү н і , а й ы , ж ы л ы)

20__жылғы «__»_____жүргізуші куәлігі мынадай жағдайларда _____

(б а я н д а у)

жоғалды (ұрланды), төмендегі құжаттарды қоса беремін:

Ұрлық фактісі бойынша АІБ-ден анықтама (егер ұрланса) _____

ЖК жоғалған (ұрланған) кезде қажетті белгілер:

Өтініш берушінің қолы _____

Ауыстыру, телнұсқаны беру үшін құжаттарды қабылдаған ТЕБ лауазымды

адамы _____

(қ о л ы)

Қ ы з м е т т і к

б е л г і л е р :

Сериясы ____, №_____ жүргізуші куәлігі 20__жылғы «__»_____ берілді.

ТЕБ операторы _____

(қолы)

Осымен ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын жеке мәліметтерді пайдалануға, Мемлекеттік корпорация қызметкерінің менің атымнан осы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуына электрондық құжат нысанындағы сұрау салуға қол қоюына, сондай-ақ Мемлекеттік корпорация қызметкерінің менің фотосуретімді дайындауына және осы мемлекеттік қызмет көрсету шеңберінде оны одан әрі пайдалануына өз келісімімді беремін.

Көрсетілетін қызметті алушы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (қолы)

(ол болған жағдайда)